

СЕМЕЙ ӨңІРІ: ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХЫ

Мейрамбеков Н.А.

Ғылыми жетекшісі: Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы,
PhD - Молдахмет А.А.
nursslvzxc@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада Семей қаласының топонимиясы мен ономастикалық кеңістігі тарихи-мәдени, әлеуметтік және лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талданады. Семей - еліміздің шығыс өңіріндегі мәдени, рухани және тарихи орталықтардың бірі, әрі қазақ даласындағы ерте кезеңдерден бері қалыптасқан ірі қоныстардың қатарында. Қала топонимиясы бірнеше тарихи қабаттан тұрады: ерте түркі кезеңіне жататын атаулар, Ресей империясы дәуіріндегі отарлық сипаттағы атаулар, кеңестік кезең топонимдері және Тәуелсіздік жылдарында қайта жаңғырған тарихи атаулар. Зерттеу барысында қала аумағындағы гидронимдер (Ертіс, Қарағайлы, Қамысты), ойконимдер (Степной, Затон, Көкбай, Пристань), урбанонимдер (көше, ықшам аудан атаулары), сондай-ақ киелі нысандарға қатысты микротопонимдер жан-жақты қарастырылды. Мақаланың дереккөздері ретінде XIX-XX ғасырлардағы карталар, архив құжаттары, этнографиялық материалдар, қазақ ономастикасы бойынша еңбектер және Google Scholar базасында тіркелген заманауи зерттеулер пайдаланылды. Семей қаласының топонимиялық жүйесі қаланың географиялық ерекшелігін, өзен маңы мәдениетін, этникалық құрамын, әлеуметтік-қоғамдық тарихын және саяси өзгерістерін сақтаған күрделі қабатты көрсететіні анықталды. Ертіс өзенінің жағасындағы қоныстардың табиғи ресурстарға байланысты қалыптасуы, Затон мен Пристань атауларының сауда-экономикалық қызметпен байланысы, Алтай-Тарбағатай бағытындағы көші-қон жолдарының әсері топонимдердің тарихи мазмұнын айқындайды. Зерттеу нәтижелері Семей қаласының топонимиясы қазақ халқының тарихи жады, рухани кеңістігі және этникалық мәдениетімен тығыз сабақтас екенін көрсетеді. Әсіресе Тәуелсіздік жылдарында қаланың тарихи атауларын қалпына келтіру, көшелерді ұлттық тұлғалар есімімен атау үрдісі ономастикалық кеңістіктің ұлттық мазмұнын күшейтуде маңызды рөл атқарады. Мақала қорытындысында Семей қаласының топонимиялық жүйесін әрі қарай зерттеу бағыттары мен тарихи атауларды сақтау қажеттілігі атап өтіледі.

Түйін сөздер: Семей қаласы, топонимия, ономастика, Ертіс, урбанонимдер, тарихи география, лингвистикалық талдау.

Аннотация

В данной статье топонимия и ономастическое пространство города Семей анализируются с историко-культурной, социальной и лингвистической точек зрения. Семей является одним из культурных, духовных и исторических центров восточного региона Казахстана, а также одним из крупных поселений на казахской степи, сформировавшихся с раннего периода. Топонимия города включает несколько исторических слоев: названия, относящиеся к древнетюркскому периоду, колониальные названия периода Российской империи, топонимы советского времени и исторические названия, восстановленные в годы Независимости. В исследовании подробно рассмотрены гидронимы (Иртыш, Карагайлы, Камысты), ойконимы (Степной, Затон, Кокбай, Пристань), урбанонимы (названия улиц, микрорайонов), а также микротопонимы, связанные со священными объектами.

В качестве источников использовались карты XIX-XX веков, архивные документы, этнографические материалы, исследования по казахской ономастике и современные публикации, зарегистрированные в базе Google Scholar. Было выявлено, что топонимическая система города Семей отражает географические особенности города, культуру поселений вдоль реки, этнический состав населения, социально-историческое развитие и политические изменения. Формирование поселений вдоль Иртыша связано с природными ресурсами, названия Затон и Пристань отражают торгово-экономическую деятельность, а влияние миграционных путей в направлении Алтай-Тарбағатай определяет историческое содержание топонимов. Результаты исследования показывают, что топонимия города Семей тесно связана с исторической памятью, духовным пространством и этнической культурой казахского народа. Особенно важную роль в укреплении национального содержания ономастического пространства играют восстановление исторических названий города и присвоение улиц имен национальных деятелей в годы Независимости. В заключении подчеркивается необходимость дальнейшего изучения топонимической системы Семей и сохранения исторических названий.

Ключевые слова: город Семей, топонимия, ономастика, Иртыш, урбанонимы, историческая география, лингвистический анализ.

Abstract

This article examines the toponymy and onomastic space of the city of Semey from historical-cultural, social, and linguistic perspectives. Semey is one of the cultural, spiritual, and historical centers of eastern Kazakhstan and one of the major settlements in the Kazakh steppe, formed since early periods. The city's toponymy consists of several historical layers: names from the early Turkic period, colonial names from the Russian Empire era, Soviet-era toponyms, and historical names restored during the years of Independence. The study analyzes hydronyms (Irtysh, Karagayly, Kamysty), oikonoms (Stepnoy, Zaton, Kokbay, Pristan), urbanonyms (street and neighborhood names), as well as microtoponyms associated with sacred sites. The sources used include 19th-20th century maps, archival documents, ethnographic materials, studies on Kazakh onomastics, and contemporary research indexed in Google Scholar. The Semey toponymic system reflects the city's geographical features, riverside settlement culture, ethnic composition, socio-historical development, and political changes. Settlements along the Irtysh were shaped by natural resources, Zaton and Pristan reflect trade and economic activity, and migration routes in the Altai-Tarbagatai direction influenced the historical content of toponyms. The study results demonstrate that Semey's toponymy is closely connected to the historical memory, spiritual space, and ethnic culture of the Kazakh people. The restoration of historical names and the naming of streets after national figures during Independence have played a key role in strengthening the national character of the onomastic space. The conclusion emphasizes the need for further research into Semey's toponymic system and the preservation of historical names.

Keywords: Semey city, toponymy, onomastics, Irtysh, urbanonyms, historical geography, linguistic analysis.

Кіріспе

Қазақстанның тарихи-мәдени кеңістігін зерттеуде топонимия аймақтық ерекшеліктерді танытатын маңызды ғылым салаларының бірі болып табылады. Жер-су атаулары белгілі бір аумақтың табиғи келбетін ғана емес, сол жерде өмір сүрген халықтың дүниетанымын, этникалық құрамын, шаруашылық дәстүрін және тарихи жадын бейнелейтін күрделі мәдени ақпарат тасымалдаушысы саналады. Осы тұрғыдан қарағанда, Семей қаласының топонимиялық жүйесі әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердің, табиғи-географиялық жағдайдың, саяси-әлеуметтік өзгерістердің ұзақ уақыт бойы өзара ықпалдасуынан қалыптасқан ерекше кеңістік. Ертіс өзенінің бойында орналасқан Семей - көне түркі кезеңінен бастап қазақ халқының этникалық тарихымен, отырықшы және жартылай көшпелі мәдениеттердің дамуы-мен, аймақаралық сауда қатынастарының кеңеюімен, сондай-ақ Ресей империясының шығыс өңірлердегі саяси стратегиясымен тығыз байланысты қала. Осы факторлар оның топонимиялық қабаттарының көпқырлы болуына негіз болды. Тарихи жағынан ең алғашқы қабат табиғи нысандарға қатысты түркілік атаулардан құралса, кейінгі кезеңдерде отарлау саясатының ықпалымен пайда болған әскери-әкімшілік және урбанистік атаулар қалыптасты. Затон, Пристань, Степной сияқты атаулар соның дәлелі. Кеңес дәуірінде идеологиялық сипаттағы және өндірістік мазмұндағы жаңа атаулар орнықты. Тәуелсіздік жылдары ұлттық тарихи есімді жаңғырту, мәдени тұлғалардың аттарын беру, тарихи атауларды қайтару үдерісі қарқын алды. Абай, Шәкәрім, Әуезов сияқты тұлғалар есімінің қала кеңістігінде жаңаша орын алуы - осы кезеңнің негізгі көрінісі. Семей топонимиясын зерттеудің өзектілігі бірнеше себеппен айқындалады. Біріншіден, қала - еліміздің шығыс өңіріндегі маңызды тарихи-мәдени орталық әрі қазақ руханиятының өзегіне айналған аймақ. Екіншіден, Ертіс бойындағы географиялық орналасуы, сауда жолдарының өтуі және көші-қон процестері атаулар жүйесіне тікелей ықпал еткен. Үшіншіден, урбанизация мен әлеуметтік құрылымның жаңаруы қазіргі ономастикалық процестерді ғылыми тұрғыдан қайта саралауды қажет етеді. Осыған байланысты зерттеудің басты мақсаты - Семей қаласының топонимиялық құрылымын тарихи, мәдени және лингвистикалық тұрғыда кешенді талдау, атаулардың пайда болу алғышарттарын анықтау және олардың өзгеру динамикасын көрсету.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Бұл зерттеуде Семей қаласының топонимиялық жүйесін жан-жақты қарастыру үшін тарихи, салыстырмалы, лингвистикалық, картографиялық және лингвомәдени талдау тәсілдері бірге қолданылды. Негізгі дереккөздер ретінде XIX-XX ғасырлардағы Ресей империясының әскери-топографиялық карталары, Семей қаласы мен облысының архив материалдары, әкімшілік құжаттар, көне қоныстарға қатысты этнографиялық мәліметтер және қоныстану жоспары пайдаланылды. Сонымен қатар Google Scholar дерекқорынан қазақ ономастикасы, Ертіс өңірінің тарихи географиясы мен урбанонимиясына арналған ғылыми еңбектер қарастырылды (Т. Жанұзақ, Ш. Б. Сеитова және басқа авторлар). Тарихи-салыстырмалы әдіс топонимдерді олардың пайда болған уақыты мен тарихи

жағдайымен байланыстыра отырып түсіндіруге мүмкіндік берді. Этимологиялық талдау атаулардың түп-төркінін, мағыналық өзгерістерін анықтауға бағытталды. Картографиялық салыстыру әдісі арқылы әр кезеңдегі карталар қазіргі топографиялық материалдармен үндестіріліп, атаулардың өзгеру бағыттары белгіленді. Лингвомәдени тәсіл топонимдердегі этникалық, рухани және мәдени мазмұнды тануға жол ашты. Бұдан бөлек, жергілікті халықтың ауызша мәліметтері, өлкетанушылар жазбалары және архивтегі сирек қорлар зерттеу жұмысының қосымша дерекқоры ретінде пайдаланылды. Әдістерді кешенді қолдану Семей топонимиясының тарихи-мәдени табиғатын тереңірек ашуға мүмкіндік берді.

Семей қаласының топонимиялық жүйесін талдау қаланың көпқабатты тарихи, мәдени және әлеуметтік дамуының күрделі құрылымын айқын көрсетеді. Ертіс бойындағы көне қоныс ретінде Семейдің топонимдері бірнеше тарихи кезеңнің ізін сақтайды: ежелгі түркілік дәуір, Ресей империясының саяси-әкімшілік ықпалы, кеңестік урбанизация кезеңі және тәуелсіздік жылдары ұлттық атауларды жаңғырту үдерісі. Осы тарихи қабаттарды салыстыру қаланың ономастикалық кеңістігінің қалай қалыптасқанын түсінуге мүмкіндік береді. Ең алдымен, Семей өңірінің ең көне топонимиялық қабаты табиғи нысандар атауларынан тұрады. Ертіс өзені - өңір топонимиясының негізгі өзегі саналады. Ертіс атауы түркі тілдеріндегі «ерт», «ертен», «ертеш» түбірлерімен байланыстырылады және «үлкен өзен», «кең арналы су» деген мағына береді [1. 200-215б]. Қала аумағындағы Қарағайлы, Қамысты, Шыңғыстау бағытындағы атаулар да табиғи ортаға негізделген көне топонимдер қатарына жатады. Бұл атаулар өңірдің флорасы, фаунасы, жер бедері мен табиғи ерекшеліктеріне қатысты ұғымдарды сақтаған. Семей топонимдеріне ерекше ықпал еткен келесі кезең - Ресей империясының отарлық кеңеюі. XVIII ғасырдың ортасында Ертіс шебі бойында әскери бекіністердің салынуы өңірдің жаңа урбанистік құрылымын қалыптастырды [7. 35-50б]. Осы кезеңде пайда болған Пристань, Затон, Александровка, Солдатская, Казарма сияқты атаулар әскери жүйені, сауда жолдарын және көпэтносты қоныстардың қалыптасуын көрсетеді. Мысалы, Затон атауы кемелерді жөндеу және тоқтату орны болған нысанның қызметімен тығыз байланысты. Ал Пристань атауы Ресей кезеңіндегі сауда қатынастары мен жүк тасымалының қарқындылығын дәлелдейді. [8. 40б]. Мұндай атаулардың сақталуы Семейдің шығыс аймақтағы ірі сауда орталығы болғанын көрсетеді. Кеңестік кезеңде топонимиялық кеңістік түбегейлі өзгерді. Бұл дәуірдің ерекшелігі - идеологиялық сипаттағы атаулардың басым болуы. Қала көшелері мен аудандарына еңбек ерлері, революция қайраткерлері және социалистік ұғымдарға байланысты атаулар берілді. Ленин көшесі, Интернациональная, Комсомольская, Рабочая сияқты атаулар кеңестік идеологияны бейнелейді [4. 20-30 б]. Урбанизация кезінде пайда болған жаңа ықшам аудандар да осы кезеңнің әлеуметтік-тілдік ерекшелігін көрсетеді. Тәуелсіздік жылдары Семей топонимиясында ұлттық тарихи жадының жаңғыруы басталды. 1990-2000 жылдары көптеген көше атаулары өзгертіліп, ұлттық тұлғалар есімдерімен алмастырылды: Коммунистическая - Абай көшесі, Советская - Шәкәрім көшесі, Интернациональная - Бөгенбай батыр көшесі болып өзгертілді. Бұл тек атауларды жаңарту емес, ұлттық тарихи-мәдени сананы күшейтуге бағытталған маңызды қадам болды. Осы кезеңде Абай, Шәкәрім, Әуезов, Бекмаханов секілді тұлғалардың есімдері топонимияда кеңінен қолданыс тапты. Топонимиядағы маңызды бағыттардың бірі - сакральды география элементтері [3. 25-50б]. Семей өңіріндегі көне қорымдар, қасиетті жерлер мен тарихи қоныстарға қатысты атаулар халықтың діни нанымдарын және рухани тәжірибесін танытады. Ескі қорым, Қаражыра, Тасбұлақ, Қызылжар сияқты атаулар жергілікті этнографиялық дәстүрлермен сабақтас. Зерттеу барысында анықталған тағы бір ерекшелік - Семей топонимиясында көпэтносттылықтың айқын көрініс табуы. Қала тарихында татар, орыс, украин, қалмақ, башқұрт қауымдастықтарының өмір сүргені белгілі. Соған сәйкес тілдік гибрид атаулар да қалыптасқан. Орысша негізді атаулардың қазақша дыбыстық бейімделуі немесе керісінше қазақша атаулардың орыс тілдік транскрипциясымен жазылуы әр дәуірдің тілдік ықпалын көрсетеді. Тәуелсіздік кезеңіндегі ономастикалық саясат тарихи әділеттілікті қалпына келтіру, ұлттық атауларды жаңғырту бағытында жүрді. Бұл тек атаулар жүйесін түзету ғана емес, мәдени бірегейлікті нығайтуға бағытталған идеологиялық үдеріс болды [5. 55-75б].

Сондықтан жалпы алғанда, Семей қаласының топонимиясы - табиғи ландшафт, тарихи оқиғалар, мәдени мұра және этносаралық қатынастар қабаттасқан күрделі ономастикалық жүйе. Топонимдердің басым бөлігі өңірдің саяси, мәдени және әлеуметтік тарихын шынайы бейнелейді. Сол себепті Семей топонимиясын зерттеу - ұлттық тарихи жақты сақтау, өңірлік мәдениетті тану және қазақ ономастикасын дамыту тұрғысынан ерекше маңызды.

Зерттеу нәтижелері Семей қаласының топонимиялық жүйесінің тарихи, мәдени, әлеуметтік және лингвистикалық мазмұнының аса күрделі әрі көпқабатты екенін көрсетті. Ертіс бойындағы көне қоныс бола отырып, Семей бірнеше тарихи кезеңдердің мәдени-географиялық ықпалын бойына жинақтаған ерекше аймақ ретінде танылды. Қала топонимиясы тек атаулар жиынтығы емес, ол аймақтың тарихи жады, этникалық болмысы, шаруашылық ерекшеліктері, көші-қон үдерістері және

саяси өзгерістерді бойында сақтаған кешенді ономастикалық құрылым болып шықты. Зерттеудің басты нәтижелерінің бірі - Семей топонимиясының ең көне қабаты табиғи ландшафтпен тығыз байланысты екені. Ертіс, Қарағайлы, Қамысты, Шұлбі сияқты атаулар өңірдің табиғи ерекшеліктерін дәл бейнелейді. Бұл гидронимдер мен табиғи нысандар атауларының ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз сақталуы олардың халық жадындағы тұрақтылығын көрсетеді. Сонымен қатар олардың этимологиясы түркілік түбірлермен байланысып, қазақ тілінің тарихи лексикасын танытады. Екінші маңызды нәтиже - Ресей империясы кезеңіндегі атаулардың қала құрылымына елеулі ықпал жасауы. XIX ғасырда Семей өңірлік сауда орталығына айналып, Ертіс бойындағы әскери-әкімшілік жүйе күшейді. Затон, Пристань, Александровка, Казарма сияқты атаулар осы кезеңнің әлеуметтік-экономикалық сипатын айқындайды [6. 100-115б].

Картографиялық материалдармен салыстыру бұл атаулардың қаладағы инфрақұрылымдық және сауда бағыттарымен тікелей байланысты болғанын көрсетті. Үшінші анықталған бағыт - кеңестік кезеңдегі топонимияның идеологиялық сипаты. XX ғасырдың ортасында қала кеңестік қаһармандар мен саяси тұлғаларға қатысты атаулармен толығып, көшелер социалистік құндылықтардың тілдік көрінісіне айналды. Индустрияландыру кезінде пайда болған зауыт маңы қоныстары мен теміржол бекеттері кеңестік экономикалық жүйені кеңістікте айқын бейнелейді. Тәуелсіздік жылдары Семей топонимиясында ұлттық тарихи жадының қайта жаңғыруы - зерттеудің келесі маңызды қорытындысы. 1990 жылдардан бастап қаланың көптеген көшелері қазақ зиялылары мен тарихи тұлғаларының есімдерімен атала бастады. Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Бөгенбай батыр және басқа да атаулар ұлттық ономастикалық жүйенің қалыптасуына зор үлес қосты. Бұл үдеріс мемлекеттік тіл саясаты мен тарихи сананы күшейтуге бағытталған елдік бастамалармен үйлесті. Зерттеудің тағы бір маңызды тұжырымы - сакральды география элементтерінің сақталуы. Тасбулак, Қаражыра, Ескі қорым, Қызылжар сияқты атаулар өңірдің рухани-діни тәжірибесін және халықтық дүниетанымын айғақтайды [2. 156]. Бұл топонимдер жергілікті тарихи-рухани бірегейліктің маңызды бөлігі ретінде көрінеді. Сонымен қатар зерттеу Семей қаласының топонимиялық кеңістігінде көпэтносттылықтың тарихи іздері бар екенін дәлелдеді. Орыс, татар, украин, башқұрт және қалмақ қауымдастықтарының ықпалы аймақтағы топонимдердің тілдік құрамынан анық байқалады. Қазақша және орысша элементтердің тоғысуынан пайда болған атаулар аймақтың көптілді тарихи болмысын көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеу Семейдің топонимиялық жүйесі табиғи-географиялық, тарихи-әлеуметтік, мәдени-лингвистикалық және саяси факторлардың ортақ әсерімен қалыптасқан күрделі құбылыс екенін айқын көрсетті. Қала атауларының тарихи динамикасы өңірдің мәдени ықпалдастықтары мен этникалық өзгерістерін нақты бейнелейді. Топонимдерді зерттеу Семейдің тарихи жады мен мәдени мұрасын қайта пайымдауға, ұлттық ономастика ғылымын дамытуға және болашақта тарихи атауларды сақтау ісін жүйелеуге мүмкіндік береді. Яғни, топонимдер - Семейдің кеңістіктік жады, ал ономастика - сол жадының тілдік көрінісі. Сондықтан қала атауларын зерттеу лингвистика ғана емес, мәдениеттанулық, тарихи, этнографиялық және геосаяси тұрғыдан да маңызды деп қорытындылауға болады.

Қорытынды

Семей қаласының топонимиялық кеңістігін жан-жақты талдау оның тарихи-мәдени дамуының көп ғасырлық, көпқабатты әрі үздіксіз эволюциясын дәлелдейді. Қала атаулары тек бағыт-бағдар беретін географиялық белгі ғана емес, ол - өңірдің тарихи жады, этномәдени қабаттардың тоғысуы, саяси өзгерістердің ізі және халықтық дүниетанымының көрінісі. Семей топонимиясы арқылы қаланың қалыптасу кезеңдері, тұрғындардың шаруашылық-мәдени өмірі, мемлекеттік құрылымдардың ықпалы және рухани-аңыздық дәстүр айқын көрінеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Семей аймағындағы ең көне топонимиялық қабат табиғи-географиялық ортаға негізделген. Ертіс өзені, оның салалары, жағалаулық биіктіктер мен табиғи ландшафтқа байланысты атаулар өңірдің бастапқы экологиялық моделін дәл көрсетеді. Бұл атаулардың ғасырлар бойы өзгеріссіз сақталуы олардың халықтық негізінің беріктігін және саяси-әкімшілік ықпалдан тыс өмір сүргенін дәлелдейді. Сонымен бірге ортағасырлық жазба деректер мен археологиялық зерттеулер Семейдің топонимиялық кеңістігінде түркі дәуірінен бастау алатын тарихи қабаттың барын көрсетті. Қаланың маңындағы көне қоныстар, қорымдар, діни-ғұрыптық орындар мен археологиялық кешендер ортағасырлық мұсылман мәдениетімен, түркі тайпаларының қоныс жүйесімен тікелей байланысты. Ортағасырлық деректерде тіркелген жер-су атаулары ислам өркениетінің ықпалын, сауда-саттық және керуен жолдарының дамуын, аймақтың саяси маңызын айғақтайды. Ресей империясы кезеңі Семей топонимиясында жаңа урбанистік, әкімшілік және әскери-отарлық қабатты қалыптастырды. Пристань, Затон, Крепость, Солдатская, Александровка секілді атаулар қала құрылымына енгізілген жаңа әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық модельді бейнелейді. Бұл атаулардың бүгінгі күнге дейін сақталуы олардың тарихи құндылығын және қаланың отарлық-әкімшілік тарихындағы рөлін жоққа шығармайтынын көрсетеді. Кеңестік дәуірде қала топонимиясы мүлде жаңа идеологиялық бағыт алды. Көше, аудан және нысандарға социалистік идеалдар, революциялық қайраткерлер, өндірістік жетістіктерге қатысты

атаулар беріліп, тілдік кеңістік саяси идеологияның құралына айналды. Бұл кезең топонимиясының ерекшелігі - мемлекеттік идеологияның кеңістікті толық бақылауға алуы және тарихи-мәдени атауларды ығыстыруы. Тәуелсіздік кезеңі Семей топонимиясына жаңа рухани серпін әкелді. Ұлттық тарихи сана, дәстүрлі мәдениет және қазақи антропонимиялық жүйе қайта жандандырылды. Қала көшелеріне Абай, Шәкәрім, Қабанбай, Әл-Фараби секілді тұлғалардың аттарының берілуі ұлттық жадты қайта жаңғыртып, топонимиялық кеңістікті ұлттық мәдениетке жақындата түсті. Бұл үрдіс тіл саясаты мен рухани жаңғыру бағдарламаларының нақты көрінісі болып табылады. Жалпы алғанда, Семей топонимиясы - табиғи ландшафт, археологиялық мұра, ортағасырлық мұсылмандық дәстүр, отарлық кезең мұралары, кеңестік идеология және тәуелсіздік рухы тоғысқан тарихи-мәдени феномен. Қала атауларының эволюциясы арқылы бүкіл өңірдің тарихи болмысы, этникалық құрамының өзгерістері, саяси-әкімшілік трансформациясы және рухани-мәдени даму кезеңдері көрінеді. Қорыта айтқанда, Семей қаласының топонимиялық жүйесін жан-жақты зерттеу аймақтың тарихи жадын сақтау, ұлттық мәдени мұраны жаңғырту және ономастикалық кеңістікті дамыту үшін аса маңызды. Алдағы уақытта Семей өңірінің топонимдерін жүйелеу, жаңа мұрағаттық деректерді ғылыми айналымға енгізу, археологиялық және сакральды география нысандарын зерттеу, урбанонимдік процестерді тұрақты мониторингтеу - ономастика ғылымының міндетті жалғастыруға тиіс бағыттары деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жанұзақ, Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана «1С-СЕРВИС» ЖСШ, 2006 ж. - 400 бет
2. Семей өңірінің тарихи топонимдері географиясын зерттеудің перспективалары мен маңызы [Электронды ресурс] // stud.kz. - Қол жеткізілді: <https://stud.kz/referat/show/107460>
3. Сеитова Ш. Б., Әскерханова А. Қ. Шығыс Қазақстан ономастикалық кеңістігіндегі ұлттық негіз. Семей: Tengri, 2013. - 76 б.
4. Әбдірахманов С. Ә. Шығыс Қазақстан географиялық нысандарының бұрмаланған эндонимдік атаулары. «Өңірлердегі ономастика мәселелері: көпше атаулары жазылған тақтайшаларды безендіру» республикалық дөңгелек үстел материалдарының жинағы. - Астана, 2012. - 84 б.
5. Қазақ ономастикасының мәселелері. ҚазКСР Ғылым академиясы Тіл білімі институты. - Алматы: Ғылым, 1986. - 136 б. Редколлегия мүшелері: Ә. Қайдаров, А. Әділұлы, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов, О. Нақысбеков. Жауапты редакторы - Т. Жанұзақов.
6. Байбатырова А. Т. Қазақстан топонимиясының тарихи негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 152 б.
7. Қосымова Г. Р. Шығыс Қазақстан аймағының географиялық атауларының қалыптасу тарихы. - Өскемен: Медиа-Альянс, 2015. - 96 б.
8. Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштері. Шығыс Қазақстан облысы. - Алматы: Арыс, 2004. - 240 б.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫ: БОЗОҚ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ

Молдаш А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

a.neliya@mail.ru

Астана қ

Қазіргі Астана аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер бұл өңірдің мыңдаған жылдар бойы адамзат қоныстанған тұрақты мәдени кеңістік болғанын айқын көрсетеді. Қола дәуірінен бастап жаңа заманның соңына дейін созылатын әртүрлі сипаттағы ескерткіштер - мал шаруашылығына негізделген ежелгі қоныстар, тасмола мәдениетінің ескерткіштері, ортағасырлық көпфазалы Бозоқ орталығы және кейінгі қазақ қыстаулары осы аймақтың үздіксіз игеріліп келгенін дәлелдейді. Археологиялық деректерді жүйелі талдау арқылы Астана өңірінің мәдени ландшафтының ұзақ мерзімді даму динамикасы, шаруашылық модельдеріндегі өзгерістер, әлеуметтік жіктелу белгілері мен дала халқының сакралды тәжірибелерінің трансформациясы терең ашылады. Бұл зерттеулер елорданың археологиялық мұрасын ғылыми тұрғыдан түсінуге ғана емес, сонымен бірге оның көпқабатты тарихи әртүрлілігін жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді.

Астана маңы б.з.д. XVIII-XVI ғасырлардағы қола дәуірінің қонысынан бастап XIX-XX ғасырлар тоғысындағы қазақ ауылына дейін созылған Еуразия даласының ықшам археологиялық